

Жергілікті атқарушы органдардың орта мерзімді валюталық мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, өтеу және оларға қызмет көрсету ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 қыркүйектегі N 1139 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 желтоқсандағы № 1439 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.02 № 1439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңына және "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жергілікті атқарушы органдардың орта мерзімді валюталық мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, өтеу және оларға қызмет көрсету ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 4 қыркүйектегі
N 1139 қаулысымен

бекітілген

**Жергілікті атқарушы органдардың орта мерзімді
валюталық мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын
шығару, орналастыру, айналысқа қосу, өтеу және
оларға қызмет көрсету ережесі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының орта мерзімді валюталық мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын (бұдан әрі - облигациялар) шығарудың, орналастырудың, айналысқа қосудың, өтеудің және оларға қызмет көрсетудің негізгі шарттары мен тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

- 1) "Депозитарий" - облигациялар бойынша депозитарий және төлем агентінің функцияларын орындайтын "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" ЖАҚ;
- 2) "инвестор" - облигацияны (облигацияларды) сатып алуға ниет білдіретін немесе сатып алған тұлға;
- 3) "Қаржылық агент" - сауда жүйесі облигацияларды орналастыру үшін пайдаланылатын "Қазақстандық қор биржасы" ЖАҚ;
- 4) "Эмитент" - мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды эмиссиялайтын Қазақстан Республикасы облыстарының немесе Астана немесе Алматы қалаларының жергілікті атқаруши органы.

2-тaraу. Облигацияларды шыгару және орналастыру

3. Облигациялар құжаттық емес нысанда шыгарылады, купондық болып табылады. Облигацияларға меншік құқығын және өзге де заттық құқықты тіркеу Депозитарийде оларды есепке алу үшін ашылған шоттар бойынша тиісті жазбалар жасау жолымен немесе бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамада және Депозитарий ережесінің жиынтығында белгіленген тәртіппен бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларында жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының резиденті де, резидент емес те кез келген тұлға облигацияларды сатып алушы және ұстаушы бола алады.

5. Бір облигацияның бастапқы құны 100 АҚШ долларына баламалы соманы құрайды. Барлық есеп айырысу тенгемен есеп айырысуды жүзеге асыру күнінің алдындағы күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша жүзеге асырылады.

6. Әрбір шығарылым облигацияларының Эмитент бекіткен шығарылым елшемдеріне сай, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының қаржы рыногын мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган беретін ұлттық бірдейлендіру нөмірі болады.

7. Эмитент пен Қаржылық агенттің арасындағы, Эмитент пен Депозитарийдің арасындағы өзара қатынастар олардың арасындағы келісіммен (шартпен), Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Ережемен реттелеуді.

8. Облигацияларды орналастыру аукцион нәтижелері туралы реسمи хабарланғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Облигацияларды орналастыру бастапқы құнынан бастап сыйақы ставкасын көтеріп дисконталған құнымен не бастапқы құнынан сыйлық бере отырып, Қаржылық агенттің сауда жүйесінде аукцион өткізу жолымен инвесторлардың арасында жүзеге асырылады. Облигацияларды сатып алуға арналған өтінімдерді қанағаттандыруды Эмитент үшін қолайлы ставкалар мен көлемдер мәндері

бойынша сыйақы ставкаларының өсуіне қарай реттелген өтінімдер тізілімдемесі негізінде шегеру бағасымен (барлық инвестор үшін бірдей) Эмитент жүргізеді.

9. Аукционды өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Қаржылық агенттің бағалы қағаздармен биржалық сауда ережелерімен реттеледі.

10. Қаржылық агенттің сауда жүйесі арқылы облигацияларды орналастыру кезінде ақшалай есеп айырысу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, биржалық сауда ережелерімен және "Орталық депозитарийдің ережелер жиынтығымен" анықталады.

11. Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жергілікті атқарушы органдарға қарыз алуды шектеу шегінде облигацияның эмиссия көлемін белгілейді. Эмитент аукцион өткіzetін күнге дейін 10 күннен кешіктірілмейтін мерзімде облигацияларды бастапқы орналастыруға байланысты аукционды өткізу күні, алдағы эмиссия мен шығыстар көлемі туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін хабардар етеді. Облигациялар бойынша сыйақылар ставкасы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіледі.

3-тарау. Облигациялардың айналысы

12. Облигациялардың айналыс мерзімін тиісті эмиссияны жариялаған кезде Эмитент белгілейді. Облигациялардың айналыс мерзімі он сегіз айдан кем емес, он жылдан артық емес алты айға еселенген болуы тиіс.

13. Шығарылымның барлық облигациясының айналысы аукционның қорытындысы бойынша инвесторлар сатып алған облигациялар үшін Эмитенттің шотына ақша түскен күннен кейінгі күннен "депо" шоты бойынша жазбалар жасалған сәттен бастап басталады және облигацияны өтеу күніне дейін бір жұмыс күні ішінде аяқталады.

14. Бағалы қағаздардың қайталама рыногында облигациялармен жасалатын барлық операция Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. Облигациялар бойынша төлемдер

15. Сыйақыны есептеу бастапқы орналастыру кезінде инвесторлар сатып алған облигациялар үшін Эмитенттің шотына Қаржылық агент ақша аударған күннен кейінгі күннен бастап басталады және шығару шарттарына сәйкес анықталған сыйақылар ставкасы бойынша өтеу күнін қоса алғанда, айналыс кезеңі ішінде жүзеге асырыладе.

16. Облигациялар бойынша сыйақы төлеуді облигациялардың тиісті айналыс жылының бір жүз сексен екінші, үш жүз алпыс бесінші күндері Эмитент жүргізеді. Сыйақының ақырғы төленуі облигацияларды өтеу күнімен сәйкес келеді.

17. Облигациялардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін Эмитент облигацияларды шығару кезінде белгіленген өтеу күнінің алдындағы сыйақыны есептеу кезеңі үшін сыйақыны төлеумен бірге бастапқы құны бойынша облигацияларды өтеуді жүргізеді. Егер сыйақыны төлеу немесе облигацияларды өтеу жұмыс күні емес күнге түскен жағдайда, ол келесі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

18. Депозитарий үш жұмыс күнінен кешіктірмей сыйақыны төлеу және/немесе облигацияларды өтеу күніне дейін Эмитентке Депозитарийдің деректерінің негізінде қалыптастырылған сыйақы төлеу және/немесе өтеу жүргізілуі тиіс жиынтық тізімдемені жібереді.

19. Сыйақы төлеуді немесе облигациялардың бастапқы құнын өтеуді Эмитент Депозитарийдің шотына қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті бюджет қаражаты есебінен ақша аудару жолымен жүзеге асырады, ол сыйақы төленетін кезеңнің аяғына бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары туралы деректерге сүйене отырып, түскен соманы олардың арасында өзі бөледі.

20. Облигацияларды өтегеннен кейін бес жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне облигацияларды өтеу туралы мәліметтерді және жүргізілген өтеуді растайтын құжаттардың көшірмесін ұсынады.

21. Эмитенттің сыйақыны есептеудің кезекті кезеңінде облигациялардың іс жүзінде айналыста болған уақытына сыйақыны өтей отырып, оларды мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға құқығы бар.

22. Эмитенттің мерзімінен бұрын өтеу туралы шешімі осындай өтеу күніне дейін он жұмыс күнінің ішінде Депозитарийге хабарланады, ол өз кезегінде бұл туралы бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

23. Облигациялармен операциялар бойынша салық салу тәртібі Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес анықталады.

Мамандар: Багарова Ж.А. Қасымбеков Б.А.